

Кейбір бұйрықтарға өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2026 жылғы 2 шілдедегі № 99 бұйрығы

БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың қоса беріліп отырған тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Өңірлік даму департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде оны Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне және алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің интернет-ресурсында орналастыру үшін жолдауды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің орынбасары –
Ұлттық экономика министрі*

С. Жумангарин

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Стратегиялық жоспарлау және
реформалар агенттігінің
Ұлттық статистика бюросы

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық
экономика министрі
2026 жылғы 2 шілдедегі
№ 99 бұйрығымен бекітілген

Өзгерістер енгізілетін кейбір бұйрықтардың тізбесі

1. "Ауылдық елді мекендердің әлеуетін айқындауға арналған өлшемшарттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 10 маусымдағы № 50 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ауылдық елді мекендерді айқындауға арналған өлшемшарттарда:

"Экономикалық блок (40 балл)" деген 1-бөлімде:

"Бағалау құны*" деген кіші бөлімде қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді, орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді;

қосымшада:

3-тармақтың екінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

"Төменде келтірілген шекті мәндер халықаралық тәжірибеге (21 елдің көрсеткіштері талданды), елішілік көрсеткіштерге, Қазақстан Республикасы бойынша орташа мәндердің есеп-қисаптарына сүйене отырып есептелді.";

5-тармақтың 3) тармақшасында қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді, орыс тіліндегі мәтінге түзету енгізілді.

2. "Агломерация аумағындағы жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу бойынша бір деңгейдегі жергілікті бюджеттердің бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасау қағидаларын, агломерация аумағындағы жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу туралы келісімнің іске асырылуы туралы есептілікті жасау мен ұсыну тәртібін және агломерация аумағындағы жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу туралы келісімнің мазмұнына қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 16 мамырдағы № 29 бұйрығына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Агломерация аумағындағы жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу бойынша бір деңгейдегі жергілікті бюджеттердің бір-бірімен өзара қарым-қатынас жасау қағидалары, агломерация аумағындағы жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу туралы келісімнің іске асырылуы туралы есептілікті жасау мен ұсыну тәртібі және агломерация аумағындағы жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу туралы келісімнің мазмұнына қойылатын талаптарда:

3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Агломерация аумағындағы жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу бойынша бір деңгейдегі жергілікті бюджеттердің бір-бірімен өзара қарым-қатынасы астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, аудандар (аудандық маңызы бар қалалар) әкімдерінің өтінішхаты бойынша агломерация аумағындағы жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу туралы келісім негізінде жүзеге асырылады және жаңа объектілер салу арқылы агломерацияны дамыту мақсаттарына жол беріледі.

4. Астана, облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, аудандар (аудандық маңызы бар қалалар) әкімдерінің өтінішхаты тиісті агломерация аумағында жоспарланып отырған жобалар ескеріле отырып, тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 25 дейін ұсынады.";

7 және 8-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Мәселелерді бірлесіп шешудің бастамашысы астананың, елді мекендері агломерацияға кіретін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары болады.

8. Бастамашы өзара қарым-қатынастар туралы келісімнің жобасын және мәселені бірлесіп шешу қажеттігінің негіздемесін астананың, елді мекендері агломерацияға кіретін облыстың, республикалық маңызы бар қаланың басқа да жергілікті атқарушы органдарына жібереді.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Агломерация аумағындағы жергілікті маңызы бар мәселелерді бірлесіп шешу туралы келісімнің жобасын алған астананың, елді мекендері агломерацияға кіретін облыстың және республикалық маңызы бар қаланың жергілікті атқарушы органдары оны агломерация жөніндегі жергілікті кеңестің отырыстарында қарайды және агломерация аумағында объектілер салу үшін жер учаскесін беру туралы шешім қабылдайды.".

3. "Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу қағидаларын және Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесіне мониторинг жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Ұлттық экономика министрінің 2025 жылғы 23 маусымдағы № 56 бұйрығына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Елді мекендерге арналған өңірлік стандарттар жүйесін әзірлеу қағидаларында:

2-тармақта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"1) ауылдық елді мекендер – әкімшілік бағыныстылығына қарамастан, қалалық елді мекендерге, облыстық және республикалық маңызы бар қалаларға жатпайтын елді мекендер;"

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"4) қалалық елді мекендер – облыстық, республикалық және аудандық маңызы бар қалалар, сондай-ақ олардың әкімшілік бағынысының аумағындағы кенттер;"

4-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) бірінші кезеңде автоматтандырылған жүйе арқылы жергілікті атқарушы органдар (төменгі деңгейден жоғарғы деңгейге дейін) елдің қалалық және ауылдық елді мекендерін, оның ішінде ауылдарды, ауылдық округтер орталықтарын, аудан орталықтарын, аудандық маңызы бар қалаларды, республикалық және облыстық маңызы бар қалаларды объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) камтамасыз ету бойынша деректерді кезең-кезеңмен жинауды жүзеге асырады.

Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары есепті жылдан кейінгі жылдың 20 қаңтарынан кешіктірмей, салалық орталық мемлекеттік органдарға елдің қалалық және ауылдық елді мекендерін

объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз ету жөніндегі және Бағыттар мен көрсеткіштер жіктелуіне сәйкес бағыттар бөлінісінде объектілерді салу, жөндеу және жинақтау қажеттіліктері жөніндегі деректерді жібереді.

Елдің қалалық және ауылдық елді мекендерінің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуі және объектілерді салуға, жөндеуге және жасақтауға деген қажеттілік бойынша ақпарат осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-қосымшаларға сәйкес Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуді есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштер бойынша ақпарат жинауға арналған нысандардың (бұдан әрі – Нысандар) негізінде қалыптастырылады.

ӨСЖ объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуді есептеу кезінде қолданылатын Бағыттар мен көрсеткіштер тізбесі (бұдан әрі – Бағыттар мен көрсеткіштер тізбесі) осы Қағидаларға 13-қосымшада берілген.

Салалық орталық мемлекеттік органдар 10 (он) жұмыс күні ішінде келісуді жүзеге асырады және қажет болған жағдайда ұсынылған деректерді пысықтауға жібереді.

Астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары салалық орталық мемлекеттік органдармен келісілген деректерді уәкілетті органға есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей автоматтандырылған жүйе арқылы осы Қағидаларға 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9, 10, 11, 12 және 13-қосымшаларға сәйкес ұсынады.";

1-қосымшада:

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары";

"Білім беру" бағыты бойынша Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуді есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштері бойынша ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары толтырады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей ұсынады.";

2-қосымшада:

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары";

"Денсаулық сақтау" бағыты бойынша Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуді есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштері бойынша ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары толтырады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей ұсынады.";

3-қосымшада:

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары";

"Әлеуметтік қамсыздандыру" бағыты бойынша Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуді есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштері бойынша ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары толтырады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей ұсынады";

4-қосымшада:

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары";

"Мәдениет және спорт" бағыты бойынша Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуді

есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштері бойынша ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары толтырады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей ұсынады.";

5-қосымшада:

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары";

"Бос уақыт және демалыс" бағыты бойынша Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуді есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштері бойынша ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары толтырады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей ұсынады.";

6-қосымшада:

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары";

"Көлік инфрақұрылымы" бағыты бойынша Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуді есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштері бойынша ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары толтырады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей ұсынады.";

7-қосымшада:

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары";

"Жол инфрақұрылымы" бағыты бойынша Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуді есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштері бойынша ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымшада:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары толтырады.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей ұсынады";

8-қосымшада:

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары";

"Инженерлік инфрақұрылым" бағыты бойынша Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуді есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштері бойынша ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

9-қосымшада:

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары";

"Қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету" бағыты бойынша Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (

игіліктермен) қамтамасыз етілуді есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштері бойынша ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

10-қосымшада:

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары";

"Ақпараттық коммуникация" бағыты бойынша Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуді есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштері бойынша ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

11-қосымшада:

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары";

"Тұрмыстық және ветеринариялық қызмет көрсету инфрақұрылымы" бағыты бойынша Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуді есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштері бойынша ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

12-қосымшада:

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

"Әкімшілік деректерді өтеусіз негізде жинауға арналған нысанды ұсынатын тұлғалар тобы: астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары";

"Көрсетілетін қызметтер инфрақұрылымы" бағыты бойынша Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуді есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштері бойынша ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанға қосымша осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық
экономика министрі
2026 жылғы 2 шілдедегі
№ 99 бұйрығына 1 қосымша
"Инженерлік инфрақұрылым"
бағыты бойынша Өңірлік

стандарттар жүйесінің
объектілермен және көрсетілетін
қызметтермен (игіліктермен)
қамтамасыз етілуді есептеу
кезінде қолданылатын
көрсеткіштері бойынша
ақпарат" әкімшілік деректерін
жинауға арналған нысанға
қосымша

"Инженерлік инфрақұрылым" бағыты бойынша бағыты бойынша Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуді есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштері бойынша ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (Индекс: № ӨСЖ – 08, жиілігі – жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Инженерлік инфрақұрылым" бағыты бойынша Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілермен және көрсетілетін қызметтермен (игіліктермен) қамтамасыз етілуді есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштері бойынша ақпарат" әкімшілік деректерін жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары толтырады.

3. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

4. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылғы 15 ақпаннан кешіктірмей ұсынады.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

6. Нысан әрбір елді мекен (бұдан әрі - ЕМ) бойынша былайша толтырылады:

1-бағанда – нөмір ретімен көрсетіледі;

"ӘАОЖ" деген 2-бағанда – Ұлттық әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес елді мекеннің коды көрсетіледі;

"Облыс" деген 3-бағанда– Ұлттық әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес облыстың атауы көрсетіледі;

"Аудан" деген 4-бағанда– Ұлттық әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес ауданның атауы көрсетіледі;

"Ауылдық округ" деген 5-бағанда– Ұлттық әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес ауылдық округтің атауы көрсетіледі;

"Елді мекен" деген 6-бағанда – Ұлттық әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес нақты елді мекеннің атауы көрсетіледі;

"ЕМ санаты, мәртебесі" деген 7-бағанда – елді мекеннің санаты (облыстық маңызы бар қала, республикалық маңызы бар қала, аудандық маңызы бар қала, ауыл) және елді мекеннің мәртебесі (моноқала, шекара маңындағы ЕМ, стратегиялық ЕМ, тірек АЕМ, серік АЕМ) көрсетіледі;

"Халық саны" деген 8-бағанда – ЕМ аумағында тұратын халықтың өзекті саны көрсетіледі;

"Ұсынылатын объектілер мен қызметтерді (игіліктерді) ескере отырып "Инженерлік инфрақұрылым" бағыты бойынша ӨСЖ-нің қамтамасыз етілуі деген 9-бағанда – ӨСЖ "Инженерлік инфрақұрылым" бағыты бойынша ұсынылатын объектілермен және көрсетілетін қызметтерді (игіліктерді) ескере отырып, қамтамасыз етілуі көрсетіледі;

"Ұсынылатын объектілер мен қызметтерді (игіліктерді) есепке алусыз "Инженерлік инфрақұрылым" бағыты бойынша ӨСЖ-нің қамтамасыз етілуі деген 10-бағанда – ӨСЖ ұсынылатын объектілер мен көрсетілетін қызметтерді (игіліктерді) есепке алусыз, "Инженерлік инфрақұрылым" бағыты бойынша қамтамасыз етілуі көрсетіледі;

"ӨСЖ-нің "Электрмен жабдықтау" нысанымен және қызметімен қамтамасыз етілуі" деген 11-бағанда – ӨСЖ-нің объектімен және "Электрмен жабдықтау" көрсетілетін қызметімен (игілігімен) қамтамасыз етілу деңгейі осы Қағидалардың 5-тармағындағы 11-формулаға сәйкес көрсетіледі;

12-16-бағандарда – орталықтандырылған электрмен жабдықтаумен қамтамасыз етілуі (қосылған тұрғын үйлер саны бойынша есеп), электр желілерінің ұзындығы, электр желілерінің тозу дәрежесі, ауыстыруды қажет ететін электр желілерінің ұзындығы, жаңа электр желілерін салу қажеттілігі көрсетіледі;

"Объектілерді ӨСЖ-ге сәйкес келтіруге арналған бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі, млн. теңге (қажет болған жағдайда толтырылады)" деген 17-бағанда – ӨСЖ-ге объектілерді сәйкестендіруге қажетті бюджет қаражатының көлемі, млн теңге (қажет болған жағдайда толтырылады);

"ӨСЖ-ке сәйкес жаңа объектілерді салу қажеттілігі және бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі, объектілер саны/млн. теңге (қажет болған жағдайда толтырылады)" деген 18-бағанда – ӨСЖ-ге сәйкес жаңа объектілерді салуға қажеттілік және оған қажетті бюджет қаражатының көлемі, объектілер саны/млн теңге (қажет болған жағдайда толтырылады);

"ӨСЖ-нің "Сумен жабдықтау қызметтері" нысанымен және қызметімен (игілік) қамтамасыз етілуі" деген 19-бағанда – объектімен және "Сумен жабдықтау көрсетілетін қызметтері" көрсетілу қызметімен (игілігімен) қамтамасыз етілу деңгейі осы Қағидалардың 5-тармағындағы 12-формулаға сәйкес көрсетіледі;

20-31-бағандарда – су жеткізу қызметтерімен қамтамасыз етілуі (халық саны бойынша), орталықтандырылған су жүйесінің бар-жоғы, орталықтандырылған су жүйесіне қосылған тұрғын үйлердің үлесі, тұрғын үйлердің жалпы саны, орталықтандырылған су жүйесінің желілерінің ұзындығы, олардың тозу дәрежесі,

ауыстыруды қажет ететін желілердің ұзындығы, жаңа су желілерін салу қажеттілігі, орталықтандырылмаған сумен жабдықтау, кешенді блок-модульдердің, тасымалды судың, скважиналар мен құдықтардың бар-жоғы көрсетіледі;

"Объектілерді ӨСЖ-ге сәйкес келтіруге арналған бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі, млн. теңге, (қажет болған жағдайда толтырылады)" деген 32-бағанда – объектілерді ӨСЖ сәйкестендіруге қажет бюджет қаражатының көлемі, млн теңге (қажет болған жағдайда толтырылады);

"ӨСЖ-ке сәйкес жаңа объектілерді салу қажеттілігі және бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі, объектілер саны/млн. теңге, (қажет болған жағдайда толтырылады)" деген 33-бағанда – ӨСЖ-ге сәйкес жаңа объектілерді салуға қажеттілік және оған қажет бюджет қаражатының көлемі, объектілер саны/млн теңге (қажет болған жағдайда толтырылады);

"ӨСЖ-нің "Орталықтандырылған су бұру жүйесі" нысанымен және қызметімен (игілік) қамтамасыз етілуі" деген 34-бағанда – объектімен және "Орталықтандырылған су бұру жүйесі" көрсетілетін қызметімен (игілігімен) қамтамасыз етілу деңгейі осы Қағидалардың 5-тармағындағы 13-формулаға сәйкес көрсетіледі;

35-42-бағандарда – орталықтандырылған су бұру жүйесімен қамтамасыз етілу (халық саны бойынша), елді мекен ішіндегі су бұру желілерінің жалпы ұзындығы, тозу дәрежесі, ауыстыруды қажет ететін су бұру желілерінің ұзындығы, жаңа желілерді салу қажеттілігі, кәріз-тазарту құрылыстарының саны, олардың тозу дәрежесі және жаңа кәріз-тазарту құрылыстарын салу қажеттілігі көрсетіледі;

"Объектілерді ӨСЖ-ге сәйкес келтіруге арналған бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі, млн.теңге, (қажет болған жағдайда толтырылады)" деген 43-бағанда – объектілерді ӨСЖ сәйкестендіруге қажетті бюджет қаражатының көлемі, млн теңге (қажет болған жағдайда толтырылады);

"ӨСЖ-ке сәйкес жаңа объектілерді салу қажеттілігі және бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі, объектілер саны/млн. теңге (қажет болған жағдайда толтырылады)" деген 44-бағанда – ӨСЖ-ге сәйкес жаңа объектілерді салуға қажеттілік және оған қажетті бюджет қаражатының көлемі, объектілер саны/млн теңге (қажет болған жағдайда толтырылады);

"Объектімен және "Орталықтандырылған жылумен жабдықтау" қызметімен (игілігімен) қамтамасыз етілуі" деген 45-бағанда – елді мекеннің объектімен және "Орталықтандырылған жылумен жабдықтау" көрсетілетін қызметімен (игілігімен) қамтамасыз етілуі осы Қағидалардың 5-тармағындағы 14-формулаға сәйкес көрсетіледі;

"Орталықтандырылған жылумен қамтамасыз етілуі (қосылған тұрғын үйлердің саны бойынша есеп)" деген 46-бағанда — елді мекеннің қосылған тұрғын үйлердің саны бойынша есептелген орталықтандырылған жылумен жабдықтаумен қамтамасыз етілуі көрсетіледі;

"Елді мекен ішіндегі жылумен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы" деген 47-бағанда — елді мекен ішіндегі жылумен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы көрсетіледі;

"Жылумен жабдықтау желілерінің тозу дәрежесі" деген 48-бағанда — жылумен жабдықтау желілерінің тозу дәрежесі көрсетіледі;

"Ауыстыруды қажет ететін жылумен жабдықтау желілерінің ұзындығы" деген 49-бағанда — елді мекендегі ауыстыруды қажет ететін жылумен жабдықтау желілерінің ұзындығы көрсетіледі;

"Елді мекен ішінде жылумен жабдықтаудың жаңа желілерін салу қажеттілігі" деген 50-бағанда — елді мекеннің ішінде жылумен жабдықтаудың жаңа желілерін салу қажеттілігі көрсетіледі;

"Объектілерді өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес келтіруге бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі, млн теңге, шамамен (объектілер сәйкес келмеген жағдайда толтырылады)" деген 51-бағанда – Өңірлік стандарттар жүйесіне объектілерді сәйкес келтіруге арналған бюджеттен қажетті қаржыландырудың шамамен алынған көлемі млн теңгемен көрсетіледі. Бұл баған объектілер сәйкес келмеген кезде толтырылады;

"Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес жаңа объектілерді салу қажеттілігі және бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі, объектілер саны/млн теңге (қажет болған жағдайда толтырылады)" деген 52-бағанда — жаңа объектілерді (бірлік) салу қажеттілігі және "Орталықтандырылған жылумен жабдықтау" көрсетілетін қызметі бойынша қаржыландырудың қажетті көлемі (млн теңге) көрсетіледі. Бұл баған қажет болған жағдайда толтырылады;

"ӨСЖ-нің "Орталықтандырылған газбен жабдықтау*" нысанымен және қызметімен (игілік) қамтамасыз етілуі" деген 53-бағанда — елді мекеннің объектімен және "Орталықтандырылған газбен жабдықтау" көрсетілетін қызметімен (игілігімен) қамтамасыз етілу деңгейі осы Қағидалардың 5-тармағындағы 15-формулаға сәйкес көрсетіледі;

"Орталықтандырылған газбен қамтамасыз ету* (халық саны бойынша есеп)" деген 54-бағанда – халық саны бойынша есептелген орталықтандырылған газбен жабдықтаумен қамтамасыз етілу деңгейі көрсетіледі;

"Елді мекен ішіндегі газбен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы*" деген 55-бағанда – елді мекен ішіндегі газбен жабдықтау желілерінің жалпы ұзындығы көрсетіледі;

– "Газбен жабдықтау желілерінің тозу дәрежесі*" деген 56-бағанда – елді мекенде газбен жабдықтау желілерінің тозу дәрежесі көрсетіледі;

– "Ауыстыруды қажет ететін газ құбыры желілерінің ұзындығы*" деген 57-бағанда – елді мекендегі ауыстыруды қажет ететін газ құбыры желілерінің ұзындығы көрсетіледі;

"Жаңа газбен жабдықтау желілерін салу қажеттілігі*" деген 58-бағанда – елді мекеннің жаңа газбен жабдықтау желілерін салу қажеттілігі көрсетіледі;

"Объектілерді Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкестендіруге бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі, млн. теңге, шамамен (объектілер сәйкес келмеген жағдайда толтырылады)" деген 59-бағанда — объектілерді ӨСЖ сәйкес келтіруге арналған бюджеттен қажетті қаржыландырудың шамамен алынған көлемі млн теңгемен көрсетіледі. Бұл баған объектілер сәйкес келмеген кезде толтырылады;

"Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес жаңа объектілерді салу қажеттілігі және бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі, объектілер саны /млн. теңге (қажет болған жағдайда толтырылады)" деген 60-бағанда – қызметі бойынша қаржыландырудың қажетті көлемі (млн теңге) көрсетіледі. Бұл баған қажет болған жағдайда толтырылады;

ӨСЖ-нің "Тұрғын үй қоры" объектісі және қызметімен (игілігімен) қамтамасыз етілуі деген 61-бағанда – елді мекеннің объектімен және "Тұрғын үй қоры" көрсетілетін қызметімен (игілігімен) қамтамасыз етілу деңгейі осы Қағидалардың 5-тармағындағы 16-формулаға сәйкес көрсетіледі;

"Тұрғын үй қорының жалпы ауданы" деген 62-бағанда – елді мекендегі тұрғын үй қорының жалпы ауданы көрсетіледі;

"1 адамға орташа тұрғын үймен қамтамасыз ету" деген 63-бағанда – елді мекен бойынша 1 адамға орташа тұрғын үймен қамтамасыз ету көрсетіледі;

"Апатты және тозығы жеткен тұрғын үй ауданы" деген 64-бағанда – елді мекендегі апатты және тозығы жеткен тұрғын үйлердің ауданы көрсетіледі;

"Жаңа тұрғын үй алаңын салу қажеттілігі" деген 65-бағанда – елді мекеннің жаңа тұрғын үй алаңын салуға қажеттілігі толтырылады;

"Объектілерді өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес келтіруге бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі, млн теңге, шамамен (объектілер сәйкес келмеген жағдайда толтырылады)" деген 66-бағанда – объектілерді ӨСЖ сәйкес келтіруге арналған бюджеттен қажетті қаржыландырудың шамамен алынған көлемі млн теңгемен көрсетіледі. Бұл баған объектілер сәйкес келмеген кезде толтырылады;

"Өңірлік стандарттар жүйесіне сәйкес жаңа объектілерді салу қажеттілігі және бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі, объектілер саны/млн теңге (қажет болған жағдайда толтырылады)" деген 67-бағанда – жаңа объектілерді салу қажеттілігі (бірлік) және "Тұрғын үй қоры" көрсетілетін қызметі бойынша қаржыландырудың қажетті көлемі (млн теңге) көрсетіледі. Бұл баған қажет болған жағдайда толтырылады.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары – Ұлттық
экономика министрі
2026 жылғы 2 шілдедегі
№ 99 бұйрығына 2 қосымша
"Қоршаған ортаның қауіпсіздігі

мен қорғалуын қамтамасыз ету"
бағыты бойынша Өңірлік
стандарттар жүйесінің
объектілерімен және
көрсетілетін қызметтерімен
(игіліктерімен) қамтамасыз
етілуін есептеу кезінде
қолданылатын көрсеткіштер
бойынша ақпарат" әкімшілік
деректерді жинауға арналған
нысанға қосымша

"Қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету" бағыты бойынша Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілерімен және көрсетілетін қызметтерімен (игіліктерімен) қамтамасыз етілуін есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштер бойынша ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме (Индекс: № ӨСЖ – 09, кезеңділігі – жылдық)

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы түсіндірме "Қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету" бағыты бойынша Өңірлік стандарттар жүйесінің объектілерімен және көрсетілетін қызметтерімен (игіліктерімен) қамтамасыз етілуін есептеу кезінде қолданылатын көрсеткіштер бойынша ақпарат" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары толтырады.

3. Нысанға басшы немесе оның міндетін атқарушы адам қол қояды.

4. Нысанды астананың, облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне: жыл сайын, есепті жылдан кейінгі жылдың 15 ақпанынан кешіктірмей ұсынады.

5. Нысан қазақ және орыс тілдерінде толтырылады.

2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме

6. Нысан әрбір елді мекен (бұдан әрі - ЕМ) бойынша былайша толтырылады:

1-бағанда – нөмір ретімен көрсетіледі;

"ӘАОЖ" деген 2-бағанда – Ұлттық әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес сандық мәндегі елді мекеннің коды көрсетіледі;

"Облыс" деген 3-бағанда – Ұлттық әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес облыстың атауы көрсетіледі;

"Аудан" деген 4-бағанда – Ұлттық әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес ауданның атауы көрсетіледі;

"Ауылдық округ" деген 5-бағанда – Ұлттық әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес ауылдық округтің атауы көрсетіледі;

"Елді мекен" деген 6-бағанда – Ұлттық әкімшілік-аумақтық объектілердің жіктеуішіне (ӘАОЖ) сәйкес елді мекеннің атауы көрсетіледі;

"ЕМ санаты, мәртебесі" деген 7-бағанда – елді мекеннің санаты (облыстық маңызы бар қала, республикалық маңызы бар қала, аудандық маңызы бар қала, ауылдар) және елді мекеннің мәртебесі (моноқала, шекара маңындағы ЕМ, стратегиялық ЕМ, ауылдық округтің орталығы, тірек АЕМ, спутниктік АЕМ, кент) көрсетіледі;

"Халық саны" деген 8-бағанда – ЕМ аумағында тұратын халықтың өзекті саны көрсетіледі;

"Ұсынылатын объектілер мен көрсетілетін қызметтерді (игіліктерді) ескере отырып, "Қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету" бағыты бойынша ӨСЖ қамтамасыз етілуі" деген 9-бағанда – ұсынылатын объектілер мен көрсетілетін қызметтерді (игіліктерді) ескере отырып, "Қоршаған ортаның қауіпсіздігін және қорғалуын қамтамасыз ету" бағыты бойынша елді мекеннің қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау объектілерімен қамтамасыз етілуі көрсетіледі;

"Ұсынылатын объектілер мен көрсетілетін қызметтерді (игіліктерді) есепке алмай, "Қоршаған ортаның қауіпсіздігі мен қорғалуын қамтамасыз ету" бағыты бойынша ӨСЖ қамтамасыз етілуі" деген 10-бағанда – ұсынылатын объектілер мен көрсетілетін қызметтерді (игіліктерді) есепке алмай, "Қоршаған ортаның қауіпсіздігін және қорғалуын қамтамасыз ету" бағыты бойынша елді мекеннің қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау объектілерімен қамтамасыз етілуі көрсетіледі;

"Учаскелік полиция пункті" объектісімен және көрсетілетін қызметімен (игілігімен) қамтамасыз етілу деген 11-бағанда – осы Қағидалардың 5-тармағындағы 1-формулаға сәйкес елді мекеннің "Учаскелік полиция пункті" объектісімен және көрсетілетін қызметімен (игілігімен) қамтамасыз етілуі көрсетіледі;

"Учаскелік полиция пункттерінің жалпы саны" деген 12-бағанда – елді мекенде учаскелік полиция пункттерінің саны көрсетіледі;

"Күрделі жөндеуді талап ететін полиция пункттерінің саны" деген 13-бағанда – елді мекенде күрделі жөндеу жүргізуді талап ететін учаскелік полиция пункттерінің жалпы саны көрсетіледі;

"Апатты жағдайдағы полиция пункттерінің саны" деген 14-бағанда – авариялық жағдайдағы объектілердің саны көрсетіледі;

"Полиция пункттерін салу қажеттілігі" деген 15-бағанда – елді мекенде құрылысын салу талап етілетін учаскелік полиция пункттерінің қажетті саны көрсетіледі;

"МТБ-ны жасақтауды талап ететін полиция пункттерінің саны" деген 16-бағанда – елді мекенде МТБ-ны жасақтауды талап ететін учаскелік полиция пункттерінің саны көрсетіледі;

"Кадр тапшылығы" деген 17-бағанда – полиция пункттерінде кадр тапшылығы көрсетіледі;

"Халықты учаскелік полиция пунктінің қызмет көрсетуімен қамту" деген 18-бағанда – "Учаскелік полиция пункті" көрсетілетін қызметімен қамтылған елді мекен тұрғындарының үлесі көрсетіледі;

"Объектілерді ӨСЖ сәйкес келтіруге бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі, млн теңге, шамамен (объектілер сәйкес келмеген жағдайда толтырылады)" деген 19-бағанда – объектілерді ӨСЖ сәйкес келтіруге арналған бюджеттен қажетті қаржыландырудың шамамен алынған көлемі млн теңгемен көрсетіледі. Бұл баған объектілер сәйкес келмеген кезде толтырылады;

"ӨСЖ сәйкес жаңа объектілерді салу қажеттілігі және бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі, объектілер саны / млн теңге (қажет болған жағдайда толтырылады)" деген 20-бағанда – "Учаскелік полиция пункті" көрсетілетін қызметі бойынша жаңа объектілерді салуға қажеттілік (бірлік) және қаржыландырудың қажетті көлемі (млн теңге) көрсетіледі. Осы баған қажет болған жағдайда толтырылады;

"Халықтың қауіпсіздігін әлеуметтік маңызы бар объектілерге бейнебақылау орнату арқылы қамтамасыз ету" объектісімен және көрсетілетін қызметімен (игілігімен) қамтамасыз етілуі" деген 21-бағанда – осы Қағидалардың 5-тармағына сәйкес елді мекеннің "Халықтың қауіпсіздігін әлеуметтік маңызы бар объектілерге бейнебақылау орнату арқылы қамтамасыз ету" объектісімен және көрсетілетін қызметімен (игілігімен) қамтамасыз етілу деңгейі көрсетіледі;

"Әлеуметтік маңызы бар объектілерде бейнебақылау камераларының болуы" деген 22-бағанда – елді мекенде әлеуметтік маңызы бар объектілерде бейнебақылау камераларының болуы немесе болмауы көрсетіледі;

"Өрт сөндіру қызметі бөлімшесі / өрт сөндіру бекеттері немесе ерікті өрт сөндіру құрылымдары" объектісімен және көрсетілетін қызметімен (игілігімен) қамтамасыз етілуі" деген 23-бағанда – осы Қағидалардың 5-тармағындағы 18-формулаға сәйкес елді мекеннің "Өрт сөндіру қызметі бөлімшесі / өрт сөндіру бекеттері немесе ерікті өрт сөндіру құрылымдары" объектісімен және көрсетілетін қызметімен (игілігімен) қамтамасыз етілу деңгейі көрсетіледі.

"Өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жалпы саны" деген 24-бағанда – елді мекенде өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жалпы саны көрсетіледі;

"Өртке қарсы қызмет бөлімшелерін салу қажеттілігі" деген 25-бағанда – елді мекенде құрылысын салу қажеттілігі бар өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің саны көрсетіледі;

"Мемлекеттік стандарттарға сәйкес келетін өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің саны" деген 26-бағанда – мемлекеттік стандарттарға сәйкес келетін елді мекенде өртке қарсы қызмет бөлімшелерінің жалпы саны көрсетіледі;

"Авариялық жағдайда тұрған немесе күрделі жөндеуді қажет ететін объектілердің үлесі" деген 27-бағанда – авариялық жағдайдағы немесе күрделі жөндеуді талап ететін объектілердің үлес салмағы көрсетіледі;

"Объектілерді ӨСЖ сәйкес келтіруге бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі, млн теңге, шамамен (объектілер сәйкес келмеген жағдайда толтырылады)" деген 28-бағанда – объектілерді ӨСЖ сәйкес келтіруге арналған бюджеттен қажетті қаржыландырудың шамамен алынған көлемі млн теңгемен көрсетіледі. Бұл баған объектілер сәйкес келмеген кезде толтырылады;

"ӨСЖ сәйкес жаңа объектілерді салу қажеттілігі және бюджеттен қаржыландырудың қажетті көлемі, объектілер саны / млн теңге (қажет болған жағдайда толтырылады)" деген 29-бағанда – "Өртке қарсы қызмет бөлімшесі / өрт сөндіру бекеттері немесе ерікті өрт сөндіру жасақтары" көрсетілетін қызметі бойынша жаңа объектілерді салуға қажеттілік (бірлік) және қаржыландырудың қажетті көлемі (млн теңге) көрсетіледі. Осы баған қажет болған жағдайда толтырылады;

